



АСТАНА АКШАМЫ

ҰЛТ САНАСЫН СЕРПІЛТЕҢ СҮХБАТ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлытау төрінде берген сұхбаты халқымыздың рухына рух қосып, патриоттық сезімін арттыруды. Жалпы алғанда, ұлттымыздың санасын серпілтті. Мұндай пікірді Орталық коммуникация қызметінің брифингіне келген Парламент Сенатының депутаты Сәрсенбай Еңсегенов білдірді.



– Еліміздің өткен тарихын терең зерттеп, бүгінгі ұрпаққа жеткізу өте маңызды. Осы түрғыдан келгенде, тәуелсіздік алғанымыздан бермен қарай Елбасымыздың тапсырмасымен мемлекеттік деңгейде ауқымды шаралар іске асырылды. Тарихымызды түгендеу үшін Тарих жылы белгіленіп, төл руханияттымызға қатысты дүниелер жан-жактан жинақталды. Ұлытау төрінде берген сұхбатында Елбасы бұған тағы айырықша назар аударып, тарихымызды тереңдей зерттей түсуімізге назар аударды. Ұлken бәйтеректің өзі егер де тамыры тереңде болмаса, сәл ғана желден сұлап түсетіні жөнінде келтірген мысалының артында ұлken мән жатыр деп ойлаймын. Өзінің өткенін, халқының салт-дәстүрі мен тілін білмеген елдің болашағы бұлышыры деген сөзімен де келіспеуге болмайды, – деді депутат.

Мемлекеттік тіл мәселелеріне қатысты Елбасы салиқалы саясат жүргізіп келе жатқанын атап өткен халық қалаулысы осы саладағы атқарылған істерге тоқталды. «Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді қолдауға қатысты арнаулы жоспар қабылданды. Оған бюджеттен қаржы бөлініп, жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның арқасында мемлекеттік тілдің қолданылу аясы әжептәуір кеңейіп қалды. Бір мысал айтсам, академик Салық Зиманов өзінің жазған тіл мәртебесі туралы мақаласында мынадай деректер келтірген: «1989 жылы Қазақстандағы 205 ауданының тек 25-інде ғана ісқағаз-

дары мемлекеттік тілде жүргізілді». Ал, бұғынгі күні жағдай мұлдем басқаша. Мемлекет қолдауының арқасында қазақ тілі барлық мемлекеттік органдардың іс қағаздарын жүргізетін тілге айналды» деді ол.

Сәрсенбай Құрманұлы Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясында да тіл мәселесіне жете көніл бөлініп, 2025 жылға қарай ел азаматтарының 90 пайыздан астамы мемлекеттік тілді білуі міндеттелгенін еске алды.

Дін мәселесін қозғай келе, Елбасының «Біз ешқашан өз дінімізден ажыраған жоқпыш. Әр уақытта ата-бабаларымыздан бізге берілген, салт-дәстүрімізге негізделген дінді сақтап келе жатырмыз» деген сөзін келтірді. Алайда, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында елді іштей іріту мақсатында жат пиғылды діни ағымдардың кіріп кеткеніне қынжылыс білдірді. «Конституцияға сәйкес Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бірақ, осыған қарамастан, ұрпақты жат діни ағымдардан сақтауымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда, мемлекеттік органдарға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Бұгінгі таңда ел азаматтарының құқын шектеу жоқ. Қай азамат қай дінге бет бұрамын десе де тыйым салынбайды. Алайда, дін мәселесі – өте нәзік. Сондықтан, дін адамдары Ислам дінінің ізгілігін ағайын-туыстарына, тұтас қоғамға түсіндіріп жүруі керек. Жалпы, адамдарға бір-бірімізге дос-бауыр екенін ұғындырып, әлсіз адамдарға көмектесу сияқты жақсы қасиеттерді таратуымыз қажет. Елбасымыз өзінің сұхбатында бұған да тоқталып өтті» деді депутат.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың идеясынан туындаған Еуразиялық экономикалық одақ туралы пікірін де айта кеткен халық қалаулысы алып құрлық кіндігінде, Еуропа мен Азияның ортасында отырған мемлекетіміз үшін одақ ұшан-теңіз пайда әкелетінін жеткізді. Елбасының «Бұл – таза экономикалық одақ. Бұдан саяси астар іздеудің қажеті жоқ. Егер де тәуелсіздігімізге, мемлекеттің тұастығына нұқсан келетін болса, кез келген одақтан бас тартуға дайынбыз» деген сөзін келтіре кетті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ